



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 21 қазан
N 1042. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
1995.07.04. N 912 қаулысымен.

Министрліктердің, ведомстволар мен ұйымдардың табиғат қорғау қызметін үйлестіру, айналадағы табиғи ортаны қорғау қаласындағы шараларды орындау және республикадағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экология жөніндегі мемлекеттік кеңесі мына құрамда құрылсын:

Әбілсейітов Ғ.Ә. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары - Ғылым және жаңа технологиялар министрі, төраға

Қараманов Ұ.Қ. - Қазақстан Республикасының мемлекеттік кеңесшісі, төрағаның орынбасары

Медведев С.А. - Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрі, төрағаның орынбасары

Сәрсембеков Т.Т. - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі бөлімінің сектор меңгерушісі, жауапты хатшы

Экология жөніндегі мемлекеттік кеңес мүшелері:

Әубәкіров Т.О. - Қазақстан Республикасы Ғарыш зерттеулері ұлттық агенттігінің төрағасы

Бабағұлов Қ. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің

бірінші орынбасары

- Байтулин И.О. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті
- Бәйкенов Қ.Қ. - Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрі
- Батырбеков Ғ.А. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының Бас директоры
- Гончаров В.А. - "Тоған" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті
- Дүйсенов С.Т. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасының бастығы
- Жолдасбеков Ө.А. - Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының президенті
- Қалиев Ғ.А. - Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының президенті
- Керімбаев Б.Д. - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті бас басқармасының бастығы
- Константинов А.Б. - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары (келісім бойынша)
- Қыпшақбаев Н.Қ. - Қазақстан Республикасы Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы
- Құлыбаев А.А. - Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі
- Макиевский Н.М. - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының төрағасы

- Менжулин Б.И. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары
- Мүлкібаев С.М. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы
- Нұрғазиев Б.Н. - Алматы қаласы әкімінің орынбасары
- Оспанов Б.С. - Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы
- Остроумов В.З. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография Бас басқармасының бастығы
- Реймер А.А. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің орынбасары
- Романов А.Ф. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары
- Сафрыгин М.М. - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары
- Саламатин А.Г. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрі
- Сәрсеков Б.С. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
- Томашец А.К. - "Желдірме" автомобиль жасау және автомобиль жөндеу мемлекеттік холдинг компаниясының президенті
- Тоқаев Қ.К. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Трубников Л.М. - Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрінің орынбасары

Дәменов А.М. - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Экология және табиғатты пайдалану жөніндегі бөлім меңгерушісі

Школьник В.С. - Қазақстан Республикасы Атом энергетикасы жөніндегі агенттігінің бас директоры

2. Қазақстан Республикасының Экология жөніндегі мемлекеттік кеңесі туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 21 қазандағы
N 1042 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Экология
жөніндегі мемлекеттік кеңесі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Экология жөніндегі мемлекеттік кеңесі мемлекеттік экологиялық саясатты әзірлеу мен іске асыру және Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

2. Қазақстан Республикасының Экология жөніндегі мемлекеттік кеңесі өзіне берілген өкілеттілік шегінде:

табиғи ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты ресурстардың регенерациясы мен қайта жаңғыртылуын қамти отырып қалыптастырады және жүргізеді, министрліктердің, мемкомитеттердің, ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ атқару билігі органдарының осы мәселелер жөніндегі қызметін үйлестіреді;

табиғи ортаны қорғау және табиғатты тиімді пайдалану, табиғат қорғаудың мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, жер және су ресурстарын, атмосфераны, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін пайдалану мәселелері жөніндегі шешімдердің іске асырылуына бақылау жүргізуді қамтамасыз етеді;

экологиялық ахуалды сауықтыру және өмір сүруге қажетті табиғи жағдайды сақтау жөніндегі ұсыныстарды қарап, шаралар қолданады;

қажетті жағдайда айналадағы табиғи ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалануға байланысты мәселелерді зерттеу ұсыныстар әзірлеу үшін жетекші ғалымдарды, басшы қызметкерлерді, жоғары білікті мамандарды тарта отырып жұмыс топтарын құрады.

3. Қазақстан Республикасының Экология жөніндегі мемлекеттік кеңесінің құзырына кіретін мәселелер жөніндегі шешімін Қазақстан Республикасының республика аумағында орналасқан барлық министрліктері, мемлекеттік ұйымдары (әскери-өнеркәсіп кешенін қоса) орындауға міндетті.

4. Қазақстан Республикасының Экология жөніндегі мемлекеттік кеңесі өз жұмысын төрағасы бекіткен жоспар бойынша ұйымдастырады, қажетіне қарай, бірақ жарты жылда кем дегенде бір рет мәжілістер өткізеді. Кеңес мүшелері мәжілістерге алмастыру құқығынсыз қатысады.

Мәжілістерге қажет болған жағдайда министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, соның ішінде қоғамдық ұйымдардың, облыстардың, аудандардың, қалалардың шешімдер қабылдау үшін қорытындылары берілген анықтамалар, баяндамалар, республика Президентінің, Үкіметінің жарлықтары мен қаулыларының жобаларын белгіленген мерзімде табыс еткен басшылары қатыса алады.